

Отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Қызылорда қалалық мәслихатының 2014 жылғы 26 қыркүйектегі N 34/2 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 қазанда N 4781 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 2014 жылғы 27 қарашадағы N 36/5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 27.11.2014 N 36/5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына, «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, спорт, мәдениет, білім берудің педагог қызметкерлеріне және ветеринария саласындағы мамандарға, оның ішінде ветеринариялық пункттердің мамандарына тұрғын үй-жайларды жылыту үшін отын сатып алуға бюджет қаражаты есебінен 4 (төрт) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы ақшалай өтемақы түрінде әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Қызылорда қалалық мәслихатының кезекті XXXIV сессиясының Қызылорда қалалық төрайымы</i>	<i>Л. ҚОЖАНИЯЗОВА</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>И. ҚҰТТЫҚОЖАЕВ</i>